

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ

ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТИ

ФИЛОСОФИЯ КАФЕДРАСЫ

FIL2102 -«ФИЛОСОФИЯ» ПӘНІ БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН

БАҒДАРЛАМАСЫ

«6B03201, 6B03201,
6B03201, 6B03201, 6B03201
- факультет журналистики»

Құрастырған: **Философия ғылымдарының докторы, профессор Ғабитов Т.Х.**

Алматы, 2024

«Философия»
пәні бойынша оқу-әдістемелік кешен
Құрастырған:
**Философия ғылымдарының докторы,
профессор Ғабитов Т.Х.**
2024-2025 оқу жылы.

«ФИЛОСОФИЯ» ПӘНІ БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ

Емтиханға ұсынылатын оқу тақырыптары: Емтиханның тақырыптық мазмұны семестр барысында оқылған дәрістерді, өткізілген семинарларды және студент орындаған өзіндік жұмыстарды қамтиды. Емтихан барысында студент пән бойынша негізгі білімін, оның басты категориялар аппаратын қолдана алатынын, өз ойын тұжырымдап, логикалық жүйелі түрде жеткізе білетінін, себеп-салдарлық байланыстарды айқындай алатынын, қойылып отырған мәселе бойынша өз пікірін нақты мысалдар келтіре отырып, пікірталас түрінде қорғауға қабілеттілігін айқын көрсете білуі тиіс.

Оқу нәтижелері: Емтиханға дайындық барысында студент курстың негізгі мазмұнын, терминологиясы мен әдістерін қайталауы қажет. Курсты оқудың қорытынды нәтижесінде студент мына қабілеттерге ие болуы тиіс:

- Философия тарихындағы сана, қоғам түсініктерінің қалыптасуы туралы білімге;
- Өркениеттену үстіндегі әлем құндылықтары: оның қазақстандық қоғамдық санамен үйлесімділігі және қайшылықтарын талдауға;
- Қазақстандық мәдениеттің типологиялық ерекшеліктерінің қоғамдық сананың жаңғыруына ықпалы туралы білімге;
- Адамның ішкі-жан-дүниесі мен қоғам үйлесімділігіне, қоғамдық бірліктің мазмұнын ұғуда;
- Қоғам туралы өз ой-пікірін қалыптастыруда жан-жақты білім алуға қол жеткізеді.

Емтихан емтихандар кестесінде белгіленген уақытта басталады. Студент емтихан тапсыру барысында университетте жалпы қабылданған емтихан талаптарын қатаң сақтауы тиіс. Олар бұзылған жағдайда студентке «F» бағасы қойылады.

Емтихан формасы: Қорытынды емтихан офлайн «Универ» жүйесінде **тестілеу** түрінде өтеді.

Емтиханды бағалау: Оқытушы студенттің білімін оның тестілеудегі жауаптарының қорытындысы бойынша бағалайды.

Студенттің жауаптары мына көрсеткіштер бойынша бағаланады:

- 1) Студенттің тестілеуде бойынша мінсіз, жан-жақты философиялық білімін көрсетуі, сұрақтың терең мазмұнын ашуы, түпнұсқаларды және философиялық категориалдық аппаратты қолдана отырып, тест жауабын айқын да түсінікті баяндауы;
- 2) Түпнұсқаларды қолдана отырып **тестілеуде** жауап берумен қатар, жекелеген кемшіліктер жіберуі;
- 3) Тестіні қате шешу, яғни пән бойынша білімінің жоқтығын көрсетуі.

Емтихан кезінде студент университетте қабылданған талаптарды қатаң орындауы тиіс (емтиханға кешікпеу, емтихан кезінде электрондық құралдарды қолданбау, көшірмеу, тыныштық сақтау және т.б.). Баға қойылу мерзімі – 48 сағат.

4) 1 тест жинағында тең арақатынаста сұрақтардың кемінде 4 түрі . Түрлері: бірнеше таңдау, дұрыс/дұрыс емес, сәйкестендіруге, қысқа жауаптар, сандық енгізу, есептелетін, кірістірілген жауаптар, эссе және т. б.) 25-100 сұрақ 1 кред. = 25 сұрақ. 2,3 кред. = 50 сұрақ. 4,5 кред. = 75 сұрақ. 6,7,8кред. = 100 сұрақ. Тест сұрақтарының минимумының жалпы шеңбері келтірілген. Әр факультет өз бетінше анықтайды.

5) Прокторинг – бар немесе, прокторинг болмаған жағдайды қоса алғанда 20 білім алушыға дейінгі топтар үшін бейнежазба жасалады. Бейнежазба үшін жауапкершілік – оқытушыға жүктеледі. Прокторинг болмаған жағдайда бейнежазбаның болуы –

МИНДЕТТІ ШАРТ. Сессия аяқталғаннан кейін 3 ай ішінде бейнежазба және оның сақталуы үшін жауапкершілік оқытушы мен кафедраға жүктеледі.

Қорытынды емтиханға дайындалу үшін ұсынылатын тақырыптар тізімі және олардың қысқаша мазмұны

1-тақырып. Сана ұғымы

Сана. Сананың философиялық мәні. Өзіндік сана. Тарихи сана. Мәдени сана. Ғылыми сана. Рухани сана. Сананың ыңғайлары. Физикализм. Солипсизм. Объективті идеализм. Материализм. Декарттың дуализмі. Гегельдің диалектикалық идеализмі. Гуссерльдің феноменологиясы. Сартрдың экзистенциализмі.

2-тақырып. Адам және қоғам

Адамның философиялық мәні. Адамның қоғамдық қатынастардағы рөлі мен қызметі. Адам өмірінің мәні. Қоғам түсінігі. Қоғамдық формациялардың типологиясы. Әлеуметтік құрылым. Әлеуметтік әділеттілік. Мәдениет және дәстүр. Этика және эстетика. Интеракция. Экономика. Аграрлық қоғам. Индустриалды қоғам. Ақпараттық қоғам. Постиндустриалды қоғам. Мәдениатаралық қоғам. Қазақ қоғамы.

3-тақырып. Қоғамдық сана

Қоғам құрылымы. «Қоғамдық сана» ұғымы. Қоғамдық сананың түрлері. Маркс пен Энгельс философиясындағы қоғамдық сана түсінігі. Қоғамдық сана мен қоғамдық болмыс арақатынасы. Эмиль Дюркгеймнің қоғамдық санаға көзқарасы. Қоғамның типтері. Постиндустриалдық қоғам. Ашық қоғам. Жабық қоғам.

4-тақырып. Ақыл-ой және сана

Ақыл-ой мен сананың генезисі. Адамзат ақыл-ойының қалыптасу кезеңдері. Ақыл-ойдың философиядағы көрінісі. Ақыл-ойдың тәрбиедегі рөлі. Сократтық әдіс. Когнитивтік философия. Диалектика. Рационализм және эмпиризм. Сананың философиялық мазмұны. Сергек сана.

5-тақырып. Қоғамдық сана және мораль философиясы

Қоғамдық санадағы этикалық және моральдық мәселелер. Аристотель этикасы. Никомах этикасы. Евдем этикасы. Үлкен этика. Д.Юмның «Адамның табиғаты» туралы трактаты. Теориялық этика. Нормативті этика. Эмпериялық этика. Мораль. Мораль философиясы. Адамгершілік ұғымы. Этика және мораль түсініктері. Дүниетану функциясы. Болжалды-императивті функция. Адамгершілік функция. Моральдық нормалар. Моральдық ережелер. Ар-намыс мәселесі. Утилитаризм. Деонтология. Табиғи құқық. Қайырымдылық. Феминистік этика. Дұрысшыл сана. Моральдық плюрализм. Моральдық релятивизм.

6-тақырып. Ұлттық сана

Ұлттық сана ұғымы. Ұлттық идеология. Абай іліміндегі ұлттық сана. Тіл. Мәдениет. Дәстүр. Әдет-ғұрып. Тарихи ескерткіштер. Адамның тарихи жады. Ұлттың дамуы. Ұлттық құндылықтар. Қазақ философиясы. Шәкәрім философиясындағы ұлттық мазмұн. Алаш арыстарының аманаты.

7-тақырып. Қоғамдық сана құрылымы және қоғамдық сананың дамуының әлеуметтік-философиялық заңдылықтары

Қоғамдық сананың құрылымдары. Қарапайым құрылым. Теориялық құрылым. Қоғамдық психология. Қоғамдық идеология. Дәстүрлі қоғам түсінігі. Қоғамдық сана және әлеуметтік аспектілері. Қоғамдық сананың философиялық заңдылықтары.

8-тақырып. Адам құндылығы категориясы және қазақстандық қоғамның үдемелі дамуының критерийлері

Құндылықтар философиясы. Адам құқығы. Ата заң. Өзіндік қадір-қасиет. Гуманизм. Моральдық құндылықтар. Этика. Құқықтар мен еркіндіктер. Жеке тұлғаның дамуы. Еркіндік пен жауапкершілік. Мемлекет және қоғам. Қазақстан қоғамындағы экономикалық өсім. Әлеуметтік әділеттілік. Әділті Қазақстан. Жаңа Қазақстан тұжырымы. Технологиялық даму. Экологиялық ұстанымдар. Цифрлық қоғам.

9-тақырып. Қазақ философиясы мен ұлттық мәдениеттегі мемлекеттік және отбасылық құндылықтардың үйлесімділігі мәселесі

Мемлекеттік құндылықтар. Отбасылық құндылықтар. Үйлесімділік ұғымы. Ұлттық мәдениет. Қазақ философиясы. Ұлттық тәрбие. Құрмет ұғымы. Қонақжайлық. Отбасылық бірлік. Рухани құндылықтар. Қазақ отбасындағы әке мен ананың орны. Отбасы институты. Кәсіби отбасы институты.

10-тақырып. Қазақстандағы философиялық ойдың дамуы және оның ұлттық мәдениеттің дамуына ықпалы

Қазақстандық философиялық ойдың қалыптасуы. Ауыз әдебиетіндегі философиялық мазмұн. Жазба әдебиетіндегі философиялық ойлар тұжырымы. Қазақ философиясының теориялық кезеңі. Ұлттық мәдениетке қазақ философиясының әсері.

11-тақырып. Қоғам қалыптасуының әлеуметтік және мәдени негіздері

Мемлекеттік идеология. Ұлттық болмыс. Ұлттық сана. Мәдениет. Дін. Діл. Әдебиет. Өнер. Тілдің рөлі. Мәдениетаралық байланыстар. Түп қазақ философиясы.

12-тақырып. Мамандардың интеллектуалдық дамуы - ұлттың бәсекелестікке қабілетті болуының негізі

Жеке тұлғаның өзін-өзі тануы. Өмірлік ұстаным. Адамгершілік құндылықтары. Интеллектуалдық даму. Методология. Ұлттық бәсекелестік. Білім беру жүйесіндегі инновациялық технологиялар. Қуатты ақпараттық ревалюция. Интеллектуалдық ұлт стратегиясы. Жеке тұлғаның зияткерлік дамуы. еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілік.

Қорытынды емтиханға дайындалу үшін ұсынылатын әдебиеттер:

Негізгі

1. Алтаев Ж. Әл-Фараби өркениеттер сұхбатында. 7-том. – Алматы, «Қазақ университеті», 2017.
2. Нұрышева Г.Ж. Философия. – Алматы: Инжу-маржан, 2013.
3. Нұрышева Г.Ж. Философия тарихы. – Алматы, «Зият пресс», 2005.- 180 б.
4. Есім Ғ. Сана болмысы: саясат пен мәдениет туралы ойлар. – Алматы : Ғалым , 1998– 307 б.
4. Еңсегенов Қ. Қоғамдық сана формаларының даму диалектикасы.(Көмекші оқу құралы). – Алматы: Санат, 1994. – 52 б.
5. Қоңырбаева К.М. [жалпы ред.: З. К. Шәукенова, С. Е. Нұрмұратов]... Қазақ философиялық ойы эволюциясындағы еркіндік идеясы. Монография «Ғылыми қазына (2012-2014 жж.)» салааралық ғылыми бағдарламасы аясында даярланған. – Алматы :2013. – 213 б.
6. Нысанбаев Ә.Н. Қазақ философиясы тарихы (ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін). Жалпы ред.: З.К. Шәукенова, С.Е. Нұрмұратов, Философия, саясаттану және дінтану ин-ты, ҚР Білім және Ғылым министрлігі Ғылым комитеті . – Алматы : [б. ж.], 2014. - 388 б.
7. Қорқыт. Әл-Фараби. Ж.Баласағұн. М.Қашқари. Қ.А.Иассауи. Қазақ даласының ойшылдары. IX-XII ғғ. – Алматы : Ғылым, 1995. – 159 б.
8. Боқанова Ж., Нұрқатова Л., Сұлтанғазы Г., Масатова Б., т.б. Қоғамдық сананы жаңғырту: тұжырымдамалық және әдіснамалық тәсілдер. – Нұр-Сұлтан, 2021.-300 б.
10. Мусаева Н. Р.Қазақ философиясының толеранттық сипаты. Қазақстанның ғылыми әлемі/Научный мир Казахстана. - 2012. - № 3-4. - 122-124 б.
11. Ғабитов Т.Х., Барлыбаева Г.Г. Қазақ ағартушыларының философиясы. – Астана : Аударма , 2007. 10-том .– 468 б.
12. Нысанбаев Ә. Қазақстан. Демократия. Рухани жаңару. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1999. - 414 б.
13. Қосдәулетова С. Қазақ философиясындағы дәстүр мен жаңашылдық: Қоғам. Тарих. Мәдениет. Қоғам және Дәуір: ғылыми сараптамалық журнал. - 2011. - № 1. - 137-144 б.
14. Мусабеков М.Н. Құндылықтар және олардың мәдени-тарихи сипаты. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Хабаршысы: Әлеуметтану және саяси ғылымдар сериясы. - 2013. - № 2. - 65-68 б.
- 15.ХессР. Философияның таңдаулы 25 кітабы. /Ғылыми ред. Раев Д.С. – Астана, 2018.–360 б.
16. Кенни Э. Батыс философиясының жаңа тарихы. 1-том: Антика философиясы / Науч. редактор Молдабеков Ж. Ж. – Астана, 2018. – 408 б.
17. Кенни Э. Батыс философиясының жаңа тарихы. 2-том: Орта ғасыр философиясы / Науч. редактор Оспанов С. – Астана, 2018. – 400 б.
18. Джонстон Д. Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін / Ғылыми ред. Нұрышева Г.Ж. – Астана, 2018.– 216 б.

Қосымша:

Зерттеушілік инфрақұрылымы

- iph.kz/izdaniya/knigi/ кітапханалық сайты : <https://iph.kz/izdaniya/knigi/>
- Электронды мемлекеттік кітапхана: <https://kazneb.kz/kk>

Интернет-ресурстар

1. ҚазҰУ кітапханасы - <http://elibrary.kaznu.kz/ru>
 2. «Гуманитарлық білімдер» порталы - <http://www.humanities.edu.ru/>
 3. «Сандық білім беру ресурстарының бірыңғай жинағы» - <http://school-collection.edu.ru/>
- «Қазақстанның Ашық университеті» - <https://open.kz>.

ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУДЫ КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ РУБРИКАТОРЫ

(тестілеу)

Пән: Философия Форма: Тестілеу Платформа: офлайн

№	Критерийі	ДЕСКРИПТОРЛАР					
		«Өте жақсы»		«Жақсы»	«Қанағаттанарлық»	«Қанағаттанарлықсыз»	
		90-100 %		70-89%	50-69%	25-49%	0-24%
1 сұрақ	1 критерийі Пәннің теориялық негіздері мен зерттеу бағыттарын білу және түсіну, ерекшеліктерін тану, логикалық мазмұнын дәйектеу	Жауапта тестінің жан-жақты ашылуы, егжей-тегжейлі дәлелдер бар, әрбір қорытынды мен мәлімдеме логикалық және дәйекті түрде құрастырылған.	Жауап құрамында мәселені толық, бірақ толық емес қамту, негізгі ережелерді қысқартып дәлелдеу, логиканы бұзу және материалды баяндау өту реттілігі бар.	Жауап құрамында тестілеуде ұсынылған мәселелердің толық қамтылмауы, үстірт дәлелдер келтірілуі, негізгі ережелердің сақталмауы, композициялық теңгерімсіздіктердің орын алуы, логиканың бұзылуы және материалды баяндау реттілігі бар.	Қойылған сұрақтардың дұрыс қамтымауы, қате дәлелдеулер, фактілік және сөздік қателер, дұрыс емес қорытындыны болжау	Негізгі ұғымдарды, теорияларды білмеу, қорытынды бақылауды өткізу, ережесін бұзу	
	2 критерийі. Пәннің теориялық мазмұнын меңгеру және пән терминологиясын дұрыс қолдану	Теориялық мазмұны олқылықсыз толық, жүйелі, терең меңгереді. Студент пәннің терминдерін өте жақсы меңгеріп, олардың дұрыстығын көрсетеді, сұрақтарға жауап бергенде қолданады.	Теориялық мазмұны олқылықтарсыз, жалпы игерілді. Студент жақсы білімін көрсетіп, пәннің негізгі терминдерін, олардың дұрыстығын сұрақтарға жауап бергенде қолданылады.	Теориялық мазмұнның басым бөлігі игеріледі, бірақ көп нәтижелі болмайды. Студент пәннің негізгі терминдері бойынша білімдерін көрсетеді. Жауапта стилистикалық қателер мен терминдерді дұрыс емес қолдану кездеседі.	Теориялық мазмұны жартылай игерілді. Студент пәннің негізгі терминдері бойынша білімдерін көрсетті. Сұрақтарға қате жауаптар берілген.	Теориялық мазмұны игерілмеген. Студент пәннің негізгі шарттарын білмегендігін көрсетті. Сұрақтарға жауап беруде оларды қолдану кезінде өрескел қателіктер жіберілді.	
2 сұрақ	3 критерийі Курс теориясын және таңдалған әдістеме мен технологияны нақты	Оқу тапсырмасын толық орындау, қойылған сұраққа егжей-тегжейлі, дәлелді жауап беру, содан кейін курстың практикалық мәселелерін	Оқу тапсырмасын жартылай орындау, курстың практикалық мәселелерін толық емес	Материал үзінділермен берілген, логикалық жүйелілік бұзылған, фактілік және мағыналық	Тапсырмалар немесе жеткіліксіз ойластырылған жауап жоспары; Қабілетсіздік,	Тапсырмаларды шешу үшін білім мен алгоритмдерді қолдана алмау;	

	практикалық тапсырмаларға қолдануды біріктіру мүмкіндігі	шешу.	жауап беру, кейде дәлелді жауап; нормаларды сауатсыз қолдану.	қателіктер жіберілген, курс бойынша теориялық білім үстірт пайдаланылады.	жалпы тапсырмаларды орындау; Қателер жіберу және нормадан асатын ақаулардың болуы.	қорытындылар мен жалпылаулар жасай алмау; Қорытынды бақылау жүргізу ережесін бұзу.
	4 критерийі Алынған білім негізінде әлеуметтік зерттеулерде үлкен деректерді пайдалану мүмкіндіктерін қолдану дағдыларына сүйене отырып, тәжірибеге бағытталған тапсырманы орындау	Студент білімді практикалық қолдануды көрсетті. Тәжірибеге бағытталған тапсырма өте жақсы орындалды: тапсырма сұрағына дұрыс жауап берілген, оны шешу барысы жан-жақты, дәйекті, сауатты және теориялық негіздемелермен түсіндірілген	Білімді практикалық қолдануды көрсетті. Тәжірибеге бағытталған тапсырма кейбір дәлсіздіктермен орындалды: тапсырма сұрағына дұрыс жауап берілген, оны шешу барысы жан-жақты, бірақ жеткіліксіз логикалық, кейбір детальдарда қателіктер мен теориялық негіздемеде аздаған қиындықтар бар.	Студент білімді практикалық қолдануды көрсетті. Тәжірибеге бағытталған тапсырма кейбір дәлсіздіктермен орындалған: тапсырма сұрағына дұрыс жауап берілген, шешу барысы жан-жақты түсіндірілген, бірақ жеткілікті логикалық емес, кейбір детальдарда қателіктер мен теориялық негіздемеде аздаған қиындықтар бар.	Студент білімді практикалық қолдануда төмен деңгей көрсетті. Тәжірибеге бағытталған тапсырма толық орындалмаған: тапсырма сұрағына дұрыс жауап берілген, бірақ оны шешу барысы жеткіліксіз толық, дәйексіз, қателіктермен, теориялық негіздемесі әлсіз, елеулі қиындықтар мен қателіктер бар. Қажетті білік пен дағды іс жүзінде қалыптаспаған немесе олардың кейбірі ғана қалыптасқан. Студент жауаптары осыларды көрсетті.	Студент білімді практикалық қолдануды көрсеткен жоқ. Тәжірибеге бағытталған тапсырма орындалмаған: тапсырма сұрағына қате жауап берілген, оны шешу барысы толық емес, дәйексіз, өрескел қателіктермен және теориялық негіздемесіз берілген.
3 сұрақ	5 критерийі Әлеуметтік мәселелерді ғылыми талдау дағдыларында меңгеру және тәуелсіз құндылық пайымдауларын дамыту.	Қажетті біліктер мен меңгерілген материалмен жұмыс істеу дағдылары қалыптасқан. Студент бағалау пікірлерін негіздеді, жеткізді, өз пікірін дәлелдеп, қорғау қабілетін көрсетті.	Қажетті біліктер мен меңгерілген материалмен жұмыс істеу дағдылары негізінен қалыптасқан. Студент бағалау пікірлерін жеткізу, дәлелдеу және өз пікірін қорғау қабілетін	Қажетті практикалық дағдылар меңгерілген материалмен жұмыс істеуде негізінен қалыптасқан, бірақ орындалған тапсырмалардың кейбірінде қателіктер бар. Студент өз	Қажетті біліктер мен дағдылар іс жүзінде қалыптаспаған немесе олардың кейбірі ғана қалыптасқан. Студент бағалау пікірлерін жеткізу қабілетін көрсетті, бірақ өз пікірін сенімді түрде	Қажетті біліктер мен дағдылар қалыптаспаған. Студент бағалау пікірлерін жеткізу қабілетін көрсете алмады, өз пікірін дәлелдемейді және қорғауға

			ішінара көрсетті.	пікірлерін жеткізуде ішінара қабілетін көрсетті, бірақ аргументация көрсете алмады.	дәлелдей алмады.	тырыспайды.
6 критерийі Таңдалған әдістеменің ұсынылған практикалық тапсырмаға қолданылуын бағалау және талдау, алынған нәтижені негіздеу	Ғылыми тұжырымдар мен қолданылған әдістеме және технологияның дәйекті, логикалық және дұрыс негіздемесі, сауаттылық, ғылыми тілдің нормаларын сақтау; материалды баяндауда минималды дәлсіздіктерге жол беріледі, олар жалпы алғанда дұрыс қорытындыларға әсер етпейді.	Тұжырымдамалық материалды пайдалану кезінде жекелеген маңызсыз дәлсіздіктер мен жалпылауда және қорытындыларда аздаған қателіктерге жол беріледі, олар тапсырманы орындаудың жалпы деңгейіне әсер етпейді.	Негізделген ғылыми тұжырымдардың қолданылуымен байланысты қорытындылар нақтыланбаған және сенімді емес, стильдік және грамматикалық қателіктер бар, сондай-ақ практикалық шешімдердің нәтижелерін өңдеуде дәлсіздіктер байқалады.	Тапсырма өрескел қателіктермен орындалған, сұрақтарға жауаптар толық емес, тұжырымдамалық материал мен аргументация әлсіз пайдаланылған.	Тапсырма орындалмаған, қойылған сұрақтарға жауаптар жоқ, талдау материалдары мен құралдары пайдаланылмаған. Қорытынды бақылау жүргізу ережелері бұзылған.	

Қорытынды бағаны есептеу формуласы:

Қорытынды баға (**ҚБ**) = (%1+%2+%3+%4+%5+%6 т.б.) / **К**, мұнда % – критерий бойынша тапсырманы орындау деңгейі, **К** – критерийлердің жалпы саны.

Емтихан билеттері 3 сұрақтан тұрады. Дұрыс орындалған тапсырмалар үшін ең көбі-100 балл, оның ішінде бірінші сұраққа – 30 балл, екінші сұраққа-30 балл, үшінші сұраққа - 40 балл.

Қорытынды баллды есептеу мысалы

№	Балл	«Өте жақсы»	«Жақсы»	«Қанағаттанарлық»	«Қанағаттанарлықсыз»	
		90-100%	70-89%	50-69%	25-49%	0-24%
1.	1 Критерий	100				
2.	2 Критерий		75			
3.	3 Критерий			60		
4.	4 Критерий				45	
5.	5 Критерий	100				
6.	6 Критерий				49	
	Қорытынды %	200	75	60	94	200+ 75 + 60 + 94 = 429

						429 / 6 критерийлер = 71,5 Қорытынды балл в % = 72
--	--	--	--	--	--	---

Есептеу кезінде алынған пайызға сүйене отырып, біз бағаны бағалау шкаласымен салыстыра аламыз.

72 балл 70 балдан 89 балға дейін, бұл бағалау шкаласына сәйкес «**Жақсы**» санатына сәйкес келеді.

Осылайша, осы есептеуде жоба дәстүрлі бағалау шкаласы мен ECTS-ге ауыстыра отырып, білім алушылардың оқу жетістіктерін есепке алуды бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесіне сәйкес «**Жақсы**», **72 балға** бағаланатын болады.